

- Шығармада қолданылған фонетикалық құбылыстардың түрлері анықталып, нақты мысалдармен дәлелденді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Сыздық Р. Сөз құдіреті .– Алматы, Санат, 1997. – 224 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы, Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

3 Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. А.Тымболова. –Алматы, «Елтаным баспасы», 2013. – 328 б.

4 Сыздықова Р. Сөз сазы: дұрыс айту нормалары. Алматы, Санат, 1995.– 119 б.

5 Мүсірепов Ф. Ұлан. Роман. – Алматы, Атамұра, 2003. – 264 б.

*References:*

1 Syzdyq R. Söz qūdireti .– Almaty, Sanat, 1997. – 224 b.

2 Qazaq tiliniñ tüsındirme sözdıgı / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan T.Janūzaqov. – Almaty, Daik-Pres, 2008. – 968 b.

3 Dramalyq şyǵarmalaryñ lingvistikalıy poetikasy. A.Tymbolova. –Almaty, «Eltanym baspasy», 2013. – 328 b.

4 Syzdyqova R. Söz sazy: dūrys aitu normalary. Almaty, Sanat, 1995.– 119 b.

5 Müsirepov Ğ. Ūlan. Roman. – Almaty, Atamūra, 2003. – 264 b. МРНТИ 811.124

**МРНТИ 811.124**

*Миров М. О.,<sup>1</sup> Садуақас Н. А.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *С.Бәйішев университеті,*

<sup>2</sup> *Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

### **ЖҰБАНОВТАНУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕТТЕРІ**

*Аңдатпа*

Профессор Құдайберген Жұбанов - өткен ғасырдың бас кезеңінде қызмет еткен ғалым. Ол қазақ тіл білімі саласының қалыптасуына ерекше үлес қосқан еді. Қазіргі кезде оның ғылыми еңбектері терең зерттеліп, «жұбановтану» деген атпен ғылыми ортаға танылды. Оның Есет Жұбанов және Асқар Жұбанов деген екі баласы да қазақ тілін зерттеуге ерекше үлес қосқан ғалым адамдар болды. Сондықтан мақалада «Жұбановтану» саласындағы зерттеулерді одан әрі жалғастырудың бағыттары туралы баяндалған. Жұбановтану – ағайынды Құдайберген және Ахмет Жұбановтардың ғылыми мұрасын танып-білуге қатысты ортақ анықтама. Сондықтан біз бұл мақаламызда қазақ тілі мәселелерін ғана сөз етпекпіз. Қазақ тіл білімі ғылымының қалыптасып, дамуының алғашқы бастауында тұрған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды т.б. біртуар ғалым азаматтардың ана тіліміздің зерттелуіне қосқан еңбектері ерекше болды. Осы айтулы азаматтар қатарында қазақ тілінің болашағы үшін ерінбей еңбек етіп, өзінің артында мол ғылыми мұрасын қалдырған профессор Құдайберген Жұбанов есімін ерекше атап көрсетеміз

**Түйін сөздер:** Қазақ тіл білімі, түрік тілдері, ғылым, әліпби, жазу, ауыз әдебиеті, тіл мен математика

*Mirov M.,<sup>1</sup> Saduakas N.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Bayishev University,*

<sup>2</sup> *Zhubanov University,  
Aktobe, Kazakhstan*

## NEW PAGES OF JUBANOVATION

### *Abstract*

Professor Kudaibergen Zhubanov is a scientist who worked at the turn of the last century. He made a significant contribution to the formation of Kazakh linguistics. Currently, his scientific works are deeply studied and are known in the scientific community as "Zhubanovedenie". Both of his sons, Eset Zhubanov and Askar Zhubanov, were scientists who made a significant contribution to the study of the Kazakh language. Therefore, the article describes the directions of further research in the field of "Zhubanovedenie". Zhubanovedenie is a general definition of the scientific heritage of the brothers Kudaibergen and Akhmet Zhubanov. Therefore, in this article we will focus only on the issues of the Kazakh language. A. Baitursynov, H. Dosmukhamedovich, T. Shonanovich, K. Zhubanov, E. Omarov, K. Kemengerovich and others, who stood at the origins of the formation and development of Kazakh linguistics. The contribution of prominent scholars to the study of the native language was special. Among these outstanding citizens, we note the name of Professor Kudaibergen Zhubanov, who worked tirelessly for the future of the Kazakh language and left behind a rich scientific heritage.

**Keywords:** Kazakh linguistics, Turkic languages, science, alphabet, spelling, folklore, language and mathematics

*Миров М. О.,<sup>1</sup> Садуақас Н. А.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Университет С. Баишева,*

<sup>2</sup> *Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,  
Актобе, Казахстан*

## НОВЫЕ СТРАНИЦЫ ЖУБАНОВЕДЕНИЯ

### *Аннотация*

Профессор Кудайберген Жубанов - ученый, работавший на рубеже прошлого века. Он внес значительный вклад в становление казахского языкознания. В настоящее время его научные труды глубоко изучены и известны в научном сообществе как «жубановедение». Оба его сына, Есет Жубанов и Аскар Жубанов, были учеными, внесшими значительный вклад в изучение казахского языка. Поэтому в статье описаны направления дальнейших исследований в области «жубановедение». Жубановедение – это общее определение научного наследия братьев Кудайбергенов и Ахмета Жубановых. Поэтому в этой статье мы остановимся только на вопросах казахского языка. А. Байтурсинов, Х. Досмухамедович, Т. Шонанович, К. Жубанов, Е. Омаров, К. Кеменгерович и др., стоявшие у истоков становления и развития казахского языкознания. Особенным был вклад выдающихся ученых в изучение родного языка. Среди этих выдающихся граждан отметим имя профессора Кудайбергенов Жубанова, который неустанно трудился во имя будущего казахского языка и оставил после себя богатое научное наследие.

**Ключевые слова:** Казахское языкознание, тюркские языки, наука, алфавит, орфография, фольклор, язык и математика

**Кіріспе.** Жубановтану – ағайынды Кудайберген және Ахмет Жубановтардың ғылыми мұрасын танып-білуге қатысты ортақ анықтама. Сондықтан біз бұл мақаламызда қазақ тілі мәселелерін ғана сөз етпекпіз. Қазақ тіл білімі ғылымының қалыптасып, дамуының алғашқы бастауында тұрған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кеменгерұлы сынды т.б. біртуар ғалым азаматтардың ана тіліміздің зерттелуіне қосқан еңбектері ерекше болды. Осы айтулы азаматтар қатарында қазақ тілінің болашағы үшін ерінбей еңбек етіп, өзінің артында мол ғылыми мұрасын қалдырған профессор Кудайберген Жубанов есімін ерекше атап көрсетеміз[1]. Ол ХХ ғасырдың бас кезеңі, яғни ғалым еңбек еткен 30-жылдары қазақ филологиясы саласында жүзеге асырылған ғылыми және практикалық жұмыстардың басында болып, қазақ тіл білімінде қазақ әліпбиі мен орфографиясын жасау, қазақ жазуын араб графикасынан латын әліпбиіне көшіру, қазақ грамматикасының ғылыми теориялық заңдылықтарын орнықтыру, қазақ тіліндегі әрбір категорияға анықтама беру, қазақ терминологиясының ғылыми принциптерін белгілеп, қазақ терминдерін жасау,

қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу сияқты т.б. күрделі жұмыстарды ғылыми деңгейде зерттеп-шешуге белсене араласты. Қазақ әдебиетіндегі абайтану мәселесіне де «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген бір ғана мақаласымен ғылыми тұрғыда жаңа көзқарас қалыптастыруға үлес қосты[2.16]. Ол өз еңбектерінде И.А.Бодуэн де Куртенэ, Х.Штейнталь, О.Бетлинг, Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В. Радлов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, А.Н.Самойлович, Н.Э.Вундцетель, Чобан-Заде, К.К.Юдахин, А.М.Пешковский, Ф.Ф.Фортуатов, А.Б.Шапиро, М.Н.Петросон, С.О.Карцевский, Н.Я.Марр, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне жүгініп, олардың көзқарастарына сын-ескертпелер де келтіргенін байқаймыз[3.58]. Оның есімі де сол өзі еңбек еткен кезеңде-ақ С.Е.Малов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков, И.И.Мещанинов, Н.А.Баскаков сияқты көрнекті орыс түркологтеріне белгілі болып, ғылыми еңбектері жоғары бағаланған еді. Бірнеше тілді меңгерген полиглот ғалым Қ.Жұбанов әр еңбегінде өз көзқарасын дәлелдеу барысында сол тақырыпқа қажетті деректерді жан-жақты жинақтап, осы мәселеге қатысты айтылған ойларға мұқият қарап, терең зерттегенін байқатып отырады. Ғалым зерттеулерінен оның түрік тілдерін, еуропа тілдерін жетік білгенін байқауға болады. Мәселен, «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген орысша жазылған мақаласын жазуда М.Қашқаридың «Диуани лұғатын» (Ыстамбұл басылымын), Әбу-Хаян Альгарнатаның «Kitab al-idrak li-Lisan al-Atrak» (бірінші Ыстамбұл басылымын), Ибн-Муханнаның «Kitabu halijatul lisaan ve halebe-tu-l-insaan» (Ыстамбұл басылымын және П.М.Мелиоранскийдің «Филолог-араб түрік тілі туралы» басылымын), Смирновтың «Кочубей Гюмюрджинский», Н.Ашмариннің «Подражание в языках Среднего Поволжья», Б.Л.Владимирцовтың «Монғол жазба және хакас халық тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбектерін және Н.Поппе мен Б.Л.Владимирцовтың монғол тілі туралы және 1929 және 1930 жылдары Ленинград қаласында оқыған басқа да еңбектерді пайдаланғандығын жазады[3.63]. Қ.Жұбановтың тума талант ғалым екендігін өткен ғасырдың орта тұсында халқымыздың белгілі азаматтары М.Әуезов, І.Кеңесбаев, Ахмет Жұбанов, М.Қаратаев, А.Ысқақов, Ы.Маманов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Ә.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, Ә.Дербісалин, Қ.Бектаев, одан кейінгі кезде А.Әбдірахманов, Қ.Есенов, А.Ибатов, Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ә.Айтбаев, Б.Хасанұлы, Б.Әбілқасымов, Н.Оралбаева, Т.Жанұзақов, М.Мырзахметов, т.б. айтып, жоғары ғылыми бағасын берген[4]. Ғалымның бізге жеткен еңбектерінің құндылығын осы кезге дейін жүргізілген ғылыми зерттеулер дәлелдеп қана қоймай, оның еңбектерінде қазіргі ғылыми жетістіктерге байланысты пайда болған жаңа ғылыми бағыттардың да алғашқы ұшқындары көрініс табатындығымен ерекшеленіп отыр. Сондықтан профессор Құдайберген Жұбанов еңбектерін таныту бағытындағы «жұбановтану» саласындағы зерттеулердің маңызы зор деп білеміз.

**Зерттеу материалы.Әдістемесі.** Қазіргі таңда «жұбановтану» бағытындағы ғылыми зерттеулердің маңызы арналарының қатарына оның ғалым балалары Есет Құдайбергенұлы Жұбанов пен Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов зерттеулерін жалғастыра қараған жөн деп санаймыз. Себебі қазақ тіл біліміндегі Жұбановтар әулетінің ғылыми қолтаңбаларының ғылымның кейінгі дамуымен ұштасуын анықтаудың да маңыздылығы бар. Сондықтан «жұбановтану» саласының жаңа беттері жаңа көзқарастармен толығып, заманға сай жаңа қырынан дамып, одан әрі терең зерттеулермен жалғаса түсетінін атап айтуға болады.

Қазақ тіл білімінде фольклор тілін зертеген алғашқы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбанов еңбектерінде түркі халықтарына кең танымал «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды батыр» т.б. жырлары стиль-тілдік тұрғыда жан-жақты терең зерттелді. Ол 1967 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының әдеби-лингвистикалық ерекшеліктері» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаттығына жазған еңбегін қорғайды. Түркітанушылардың кеңестік комитеті 1982 жылы Москвада өткізген әдеби тіл мәселесіне арналған симпозиумда Есет Жұбанов «Эпос тілі - әдеби тілдің алғашқы үлгісі» тақырыбында баяндама жасап, «фольклор тілін әдеби тіл деуге негіз жоқ» деген бұрыннан қалыптасқан қасаң көзқарасты сынап, эпос тілінің әдеби тілдің алғашқы үлгісі, бастауы болғанын баяндап, оны тайпа диалектілерінен жоғары тұрған, қалыпқа түскен, төбе (көсем) тіл деп дәлелдейді. Оның бұл тұжырымдарын Э.Р.Тенишев сияқты атақты түрколог ғалымдар қолдап сөйлейді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының түркі халықтарындағы нұсқаларын өзара салыстыра отырып, олардың тілдік ерекшеліктеріне, сөздің семантикалық, этимологиялық, эстетикалық, диалектологиялық, стилистикалық қолданыстарына ерекше назар аударған. Жырдың әр түрлі нұсқаларындағы миф элементтері мен ертегілік мотивтерге батырдың астындағы атына тіл бітуі, Қозының түсін құбылтып, өзгертуі, сәуегей кемпірдің Қозының алдын болжап айтуы, Қарабай мен

Сарыбай атып алатын буаз маралдың адамша сөйлеуі сияқты т.б. деректерді келтіріп, мифологиялық образдардың эволюциясы, мифтік түсініктер жырдың лексикалық құрамынан орын алатынын, кейіннен жыршылардың реалистік тәсілдерді көп қолдануынан алғашқы мифтік элементтер солғындап, азайып, жұмбақ сырынан арыла бастайтынын айтады[5.97]. Халық әдебиеті тілін зерттеуде бейтарап лексиканың өзі сөздердің семантикалық өрісінде болып, бір сөздің өзі қоғам дамуы барысында жаңа ұғым тудыруарлық мүмкіндіктерге ие болатынын нақты мысалдармен көрсетеді.

**Нәтижелер.** Ғалым Есет Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми құнды ойлардың бірі - ғалымның «әдеби тіл» ұғымы туралы пікірі. Қазақ тіл білімінде «әдеби тіл» жөніндегі танымымыз батыс елдері тілдеріне қатысты заңдылықтар арқылы қалыптасқандығын, сондықтан осы кезге дейін жаңсақ пайымдауларды «малданып» келгендігімізді айтады. «Әдеби тіл» атты «жасанды категория» өзге тіл арқылы енген «дүмбілез қағида» екендігін, сондықтан әр халықтың өзіндік даму жолына байланысты тілінің де қоғамдық қызметі заманына сай болғанын айтады. Қазақ халқы ұлт болған XV ғасырға дейін-ақ өздерінің ру-тайпа тілдері мен әдебиетінен қол үзбеген, халық әдебиеті ол кезде үлкен қоғамдық қызмет атқарғанын айтып, «Ол- биліктің, шешендіктің, шежіренің, ру басы, қолбасылардың тілі болды, суырып салма ақындықты, жыраулық толғауларды, айтыс өнерін дамытып, кәсіп пен харекеттің атауларын біздің заманымызға дейін сақтап әкеліп мемлекеттік ресми тілімізге ұластырды» дейді[5.16]. Қазақ халық әдебиеті тілі барлық тарихи кезеңде халқына қызмет етіп, оның барлық қажеттілігін өтеп келгенін, «мемлекеттік мәртебеден айырылуы тек кешегі қызыл кеңес дәуірінде, орыс тілін ресми тіл етіп зорлықпен енгізу тұсында басталғанын» айтады. Әдеби тіл туралы қағиданың жазумен байланысты қарастырылуы да барлық халық тіліне сәйкес келе бермейтінін, қазақтың ауызекі көркем тілінің мемлекеттік мәртебесін баба тілден іздеу қажеттігін, халық әдебиеті сол бабалар тілінің көзі екендігін, сондықтан «ресми тілді елде жоқ ерекшелігіне қарап танымай, бүкіл қоғам мүшелеріне етене болған ортақ белгілеріне, қасиеттеріне қарап мойындау қажеттігін» айтады[6.36].

**Талқылау.** Ғалым Е.Жұбанов «халық әдебиетінің тілі әдеби ме?» деген мәселе жөніндегі өз ойын риторикалық сұрақтан бастап, халық әдебиеті тілі күнделікті қарым-қатынас тілінен биік тұрған, өңделген, көркем тіл, баба тілі, диалект атаулыдан шоқтығы биік тіл, барша жұртқа түсінікті тіл, «әдебиетке түсіп қалыптанған халық тілі» екендігін айтып, сонымен қатар «ауыз әдебиетінің тілінен, оның өз мүмкіндігінен артық ештеңе талап етудің қажеті жоқ, өйткені оның қалыптасқан заманын, дүниеге кеу себептерін, атқарған қызметін, көркемдік сапаларын, жанрлық ерекшеліктерін жазба әдебиетінің осы тақылеттес белгілерімен өлшестіруге тіпті де болмайтынын» таза халықтық тілге табан тіреген, ұлтқа дейінгі әдеби тіл міндетін төбе тіл үлгілері атқарғанын айтады[5.32]. «Әдеби тіл дегеніміз әртүрлі стильдердің жиынтығын білдіретін шартты ұғым...», «Біздің әдеби тіл деп ат қойып, айдар тағып жүрген нәрсеміз табиғи тіл емес, уақыт факторымен шарттас ұғым ғана. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты туып, қалыптасып, өзгеріп отыратын көкейдегі (санадағы) категорияның abstract түріндегі танымы» деп анықтама берген еді [7.56]. Ол «ауыз әдебиеті», «халық ауыз әдебиеті», «ауызша әдебиет» деген қолданыстар да «..нәрсіз де нәркенсіз, мейлінше жаңсақ қисындалған немесе әлдебіреулерге еліктеуден туған, мағынасын ешкім жете түсінбесе де, әйтеуір сүйреткі қылып тастамай жүрген бірқыдыру «ерқашты» қолданыстар», - деп, түсіндіріп, бұлайша танудың себебі «фольклор» терминінің тар мағынадағы «устная литература» деген орысша баламасына қарай қазақша «ауыз әдебиеті» деген тіркестегі калька жасалғанын айтады[7.5]. Ал ел ішінде «халық ертегісі», «халық жыры», «халық әні», «халық даналығы», «халық өнері» деген қалыптасқан үлгілер бар, сондықтан дұрысы осы ыңғаймен «халық әдебиеті» деп айтуды ұсынады. Біз де өз тарапымыздан «әдеби тіл» туралы мәселеге қатысты ғалым көзқарастарын қолдаймыз.

Жазу өнері тумай тұрған кезеңде, немесе жазу жалпы қоғам мүшелеріне тегіс қызмет етпей тұрған кезеңде «бұқара көпшілік өзінің поэзия түріндегі тіл өнерін жалпыға бірдей ортақ қарым-қатынас құралы еткен», сондықтан Е.Жұбанов қазақтың фольклоры тілін «ауызекі көркем тіл» атауымен түсіндіреді. Фольклор тілін зерттеудің қыр-сырын жетік меңгеріп, оның теориялық негіздерін қалыптастыруға көп үлес қосқан ғалым Е.Жұбанов ауызекі әдеби тілдің ұлтаралық сипатына да терең барлау жасаған. Тегі бір, тілі жақын туысқан халықтар ауыз әдебиетіндегі тектестіктен туған ұқсастықтарды көрсетіп, жазу мәдениеті пайда болмастан көп бұрын түркі халықтарына ортақ үлгісі болып ұлтаралық төбе тіл қызметін ауызекі әдеби тіл атқарғанын айтады. Түркі тілдерінің ортақ лексикалық қоры болып келгенмен, олардың әрқайсысының өз сөйлеу

машығы, дыбыстау ерекшелігі бар, сондықтан ғалым: «Ауызекі әдеби тілдердің негізгі ұлтаралық немесе аймақтық белгілері- олардың фонетикалық айырымдары емес, сөз бұйымын тұтудағы бірізділігі, бір үлгі-модельді ұстануы, барлық жерде бірдей қоғамдық қызмет атқаруы», -деп көрсетеді [6.40]. Ғалымның ғылыми ұстанымдарын дұрыс деп есептеп, үнемі қолдау білдіреміз. Оның ғылыми еңбектері туралы сөзінде белгілі ғалым Б.Әбілқасымов: «Е.Жұбанов қазақ тіл білімінде ауыз әдебиеті тілін алғашқы және түбегейлі зерттеуші ретінде тіл тарихында аты қалды», -деп баға берді [8.15]. Тектінің текті ұлы Есет Жұбановтың артында оның ғылыми тағылымды істері мен құнды зерттеулері бар, сондықтан оның шығармашылығын зерттеу де ғылыми маңызды істердің бірі деп есептейміз. Сондықтан оның еңбектері де «жұбановтану» саласының бір бағыты ретінде қарастырылады.

Профессор Құдайберген Жұбановтың кенже баласы Асқар Жұбанов математик маман бола тұра, еңбек жолын математика жағынан тілге қарай бұрып, сол кезеңде тілдік бірліктердің сандық өлшемін есептеп, оны алгоритмдік негізде жүйелеуге, мәтінді электронды есептеуіш машина арқылы қарастырып, аударма жасау ісін де компьютерлік техника көмегімен жүзеге асыруға бағытталған жаңа ғылыми сала ретінде «қолданбалы тіл білімі» ғылымының аясында бой көтере бастаған «математикалық лингвистика» саласынан бастаған болатын. Алғашқы уақытта тілді тек тілдік тұрғыдан зерттеу керек деген көзқарастағылар тілді математикалық есептеулермен байланыстыра қарастырудың қажеттілігін дұрыс сезіне алмай жатқан кезінде, яғни, бүгінгі таңда керекті ақпараттарды алу, не өз ақпаратымызды екінші бір жерге жіберу сияқты толып жатқан барлық іс-әрекетімізді автоматты түрде үйде отырып-ақ жүзеге асыратынымызды ойласақ, Асқар Жұбановтың бүгінде цифрлық технология деген жаңа атаумен бүкіл адамзаттың қажеттілігіне айналып отырған осы салаға қарай бұрылуын ғылыми көрегендік, батыл қадам, ғылымдағы сирек құбылыс деп те бағалауға болады. Ол тілді математикалық жағынан зерттеу жолына түсуіне профессор Құдайберген Жұбановтың еңбектерінде де тілдік бірліктерді санмен байланыстыра зерттеудің алғашқы үлгісікөрініс тапқандығы болса, екінші жағынанан әке жолын жалғастыру керектігі туралы өзінің ағасы, ғалым Есет Жұбановтың да ағалық ақылының қозғау салғанын айтып отыратын еді [9.7].

Әке жолын қуып, тіл саласына келген математика маманы Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы 1967-1970 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының күндізгі бөлімінің аспиранты болып, Минск қаласындағы Шет тілдер институты жанында ғылыми тәжірибеден өтіп, Мәскеу-Ленинградтың осы саладағы ғалымдарымен байланыс жасап тұрады. Тіл білімі институтындағы тілді зерттеуде математика мүмкіндігін пайдалануды іске асыратын жаңа бағыттағы «Статистика-лингвистикалық зерттеу және автоматтандыру» тобының кіші, кейіннен аға ғылыми қызметкері бола жүріп, тілдің сөз байлығын жаңа қырынан зерделеу жолында лингвистикалық сөздіктерді сандық және сапалық белгілеріне қарай математикалық статистика тәсілімен зерттеуді қолға алған алғашқы белгілі математик - ғалым Қалдыбай Бектаевпен бірлесе еңбек етеді. Асқар Құдайбергенұлы физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы Қ.Б.Бектаевтың және академик І.Кеңесбаевтың ғылыми кеңесшілігімен 1973 жылы «ЭЕМ көмегімен қазақ мәтінін статистикалық зерттеу» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, қазақ тілін математикалық әдіспен, яғни статистика мен ықтималдылықтар теориясы әдістерімен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақша мәтіндерді электронды есептеу машинасының көмегімен зерттеп, тұңғыш рет сөзформа, негіз сөз, әріп, әріп тіркесі, т.б. тілдік бірліктердің автоматтанған жиілік сөздіктерін құрастырудың алгоритмі мен бағдарламасын жасап шығарады. Осындай зерттеулер нәтижесінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында 465966 сөзқолданысты пайдаланғанын, онда сөз саны – 16983, ал сөзформасы – 61824 екенін ғылыми түрде анықтайды [10.48-50]. Асқар Жұбанов өзі еңбек ететін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің меңгерушісі, кейіннен жаңаша аталымдағы «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобының бас ғылыми қызметкері міндеттерін атқарды. Ол осы бағыттағы ізденістері негізінде 2002 жылы сол мекеменің ғылыми кеңесінде «Қазақ мәтіні мазмұнын формалдаудың негізгі ұстанымдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми атағын алады [9.8]. Қазақ тіл білімінің корпустық лингвистика деп аталған жаңа бағыттағы саласының бірден-бір білікті маманы ретінде өзіне ізбасар ғалым-шәкірттер дайындаумен шұғылданды.

Адам бойында ата сүйегімен біткен, ана сүтімен сіңген тектік сипатымен қатар, әркімнің өзіне ғана тән табиғатына біткен қарым-қабілеті болады десек, әкесі Құдайберген Жұбановтан келген тума талантылығы, дарынды ғалым ағасы Есет Жұбановтан алған үлгі-өнегесі бар Асқар Жұбанов та

ерекше қабілетті, білімді азамат еді. Асқар Жұбанов «М.О. Әуезовтің толық шығармалар жинағы мәтінін ЭЕМ-ге енгізуге дайындау және сөзнұсқағыш-сөздіктерді құрастыру», «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалары бойынша автоматтанған картотекалық қор жасау», «М. Әуезовтің шығармалары бойынша сөзформалар мен сөздердің жиілік сөздіктерін ЭЕМ арқылы құрастыру» атты ғылыми тақырыптарға жетекшілік етеді. Профессор Асқар Жұбанов корпустық лингвистиканың еліміздегі алғашқы ірі маманы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филолог магистранттары мен студенттеріне математикалық және компьютерлік лингвистика пәндері бойынша дәріс беріп, осы салаға арналған жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарын дайындап шығарады[10.6]. Корпустық лингвистика маманы, ғалым Асқар Жұбановтың жетекшілігімен осы салада бірнеше диссертация қорғалды. Ғалымның корпустық лингвистика саласындағы ғылыми ұстанымдарын қолдай отырып, оның өзге елдегі мамандарға да дұрыс жол сілтеп келе жатқанын айтпақпыз.

Көпшілікке жете таныс емес «формалды логика» дегенді тіл ғылымына қарай бұру, қазақ тілін зерттеуде математикалық әдістерді қолдануда, сол арқылы «машиналық аударма» жасаумен айналысатын ғылыми саланың дүниеге келіп, оның статистика, формалды модельдер, мәтін лингвистикасы, қолданбалы лингвистика, компьютерлік лингвистика, корпустық лингвистика деген атаулармен дамуында осы бағыттың алғашқы маманы ретінде Асқар Жұбановтың көп еңбегі сіңген еді. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде аталған саланың сандық технологиялармен үндесе жаңа қырынан дами бастағанын ескерсек, Асқар Жұбанов еңбектерінің заман көшімен бірге ілесіп, жаңа леппен дамып бара жатқанын көріп, ғалымның осы жаңа саланың алғашқы бастаушылардың бірі ғана емес, оны әрі қарай алып барушы да болғанын атап айтуға болады. Корпустық лингвистиканың білгір маманы Асқар Жұбанов «Квантитативная структура казахского текста»(1987), «Куманша-қазақша жиілік сөздік» (құрастыруш. бірі. -1978), «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» (құрастыруш. бірі. -1995), «Основные формализации содержания казахского текста» (2002), «Қолданбалы лингвистика:қазақ тілінің статистикасы»(2004), «Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер» (2006), «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері»(2008), «Корпустық лингвистика» (2017), т.б. еңбектер жазып қалдырды. Қазіргі ғылыми-техникалық үдерістер заманында ақпарат көлемінің бұрын-соңды болмаған дәрежеде артуына байланысты қажетті мәліметтерді тез тауып алу бағытындағы ізденістер Асқар Құдайбергенұлының компьютерлік лингвистика саласындағы зерттеулерінде өз шешімін тауып, ақпаратты іздестіру, оны табу әрекеттері, аталған қызметтерді жүзеге асыратын құралдары мен әдістері, яғни ішкі жүйелерді жабдықтау түрлері, ақпарат іздестіру тілінің грамматикасы, қазақ тілінің компьютерлік қорын құрастыру, т.б. теориялық мәселелер қарастырылды. Сондықтан осы саланы жастарға оқытуда ғалым еңбектерінің пайдасы тиіп отыр. Бүгінгі таңда осы аталған саланың ғылым қуған жас мамандары ғалым ғалымдар Асқар Құдайбергенұлының зерттеулері арқылы корпустық лингвистиканың ғылыми негіздерімен танысып, корпустық технологиялардың мәнін түсініп, корпустармен жұмыс істеу дағдысын меңгеріп жатыр. Ғалымның еңбектерін «жұбановтану» саласында одан әрі зерттеуді қолға алған жөн.

**Қорытынды.** ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш. Оразбаеваның сөзімен айтсақ, «Шын мағынасындағы дарынды перзенттерімен ұлттың рухани әлемін байытқан Жұбановтардың қазақтың тұлғатану іліміне өз үлесін қосып, сапалы ұрпақ тәрбиелеп, әулеттану дейтін сирек айналымға түсер ұғымды да ұлт топырағында қалыптастырғаны даусыз!» [9.5].Профессор Құдайберген Жұбанов өзінің өлшеусіз ғылыми мәнді еңбектерімен қазақ тіл білімін биікке көтерсе, одан кейін оның туған баласы ғалым Есет Жұбановтың да қазақ фольклорының тілін зерттеуді алғашқы болып қолға алып, өзінің өзгеге ұқсамайтын терең білімімен ғылымға өшпестей үлес қосып кеткенін ескерсек, осы істің жалғасы ретінде қазақ тіл білімінде алғашқы болып корпустық лингвистиканың іргесін қалап, оның ғылыми нәтижелерін ел игілігіне ұсынып, соңына ерген ізбасар ғалым шәкірттеріне жол көрсете білуі Асқар Жұбановтың да ғылымдағы өзіндік дара жолын көрсетеді.Қазіргі таңда профессор Қ.Жұбановтың ғалымдық және азаматтық биік тұлғасын танытқан елеулі еңбектер жазған ғалымдар Р.Сыздық, Б.Хасанұлы, М.Жұбанова, А.Тайжанов, Ж.О. Тектіғұл, Ф.Е.Терекова, А.Қ.Омарова, Ә.Оралбай, Н.А.Садуақас, М.Қ.Жазықова, М.О. Мирон, Ж.И.Сұлтан, т.б. авторлығымен жарияланған басылымдар оқырмандарға кеңінен таныс[11.86]. Ал осы істің жалғасы ретінде Есет Жұбанов пен Асқар Жұбанов еңбектерін де зерделеу ісі де, бүгінгі «жұбановтану» саласындағы зерттеулердің жаңа беттері де осы

ғалымдар еңбектерімен жалғасып, жаңа зерттеулерге ұштасып, қазақ тіл білімінің болашағына қызмет ете береді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. //Құрастырған: Ғ.Әнес. –Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
- 2 Милов М.О. Құдайберген Жұбановтың лингвистикалық танымдары //монография//Ақтөбе. 2014. / 200 б
- 3 Құдайберген Жұбанов. // Ұлы дала тұлғалары. Жалпы редакциясын басқарған филол. ғ. д., профессор М.Малбақов. - Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. - 528 б.
- 4 Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. -Алматы: «Ғылым», - 1990.-368 б.
- 5 Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі.- Алматы: Ғылым, 1996. -200 б.
- 6 Жұбанов Е. Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. ДДА.- Алматы: 1997.-43 б.
- 7 Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектілері. /оқу құралы/. -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ баспасы,2003. - 96 б.
8. Әбілқасымов Б. Фольклор тілін түбегейлі зерттеген... // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері. Көрнекті фольклортанушы ғалым, ф.ғ.д., проф.Е.Қ.Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. -Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011.-14-16 б.
- 9 Оразбаева Ф.Ш. Жұбанов тағылымының ұлағаты // «Жұбанов тағылымы-IX» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы (30.11.2017 ж). -Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2017. -5-9 б.
- 10 Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2007. -210 б.
- 11 Садуақас Н. А. Профессор Қ.Жұбанов ұлт тілі мен жазуы туралы// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығына орай «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы.- Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2018.- 84-88б

*References:*

- 1 Jūbanūly Q. Qazaq til bilimniñ мәseleleri. //Qūrastyrған: Ğ.Ānes. –Almaty: «Abzal-Ai» baspasy, 2013. - 640 b.
- 2 Mirov M.O. Qūdaibergen Jūbanovtyñ lingvistikalıyq tanymdary //monografia//Aqtöbe. 2014. / 200 b
- 3 Qūdaibergen Jūbanov. // Ūly dala tūlğalary. Jalpy redaksiasyn basqarған filol. ğ. d., profesor M.Malbaqov. - Almaty: «Şafran» JŞS, 2013. - 528 b.
- 4 Qūdaibergen Jūbanov jāne qazaq sovet til bilimı. -Almaty: «Ğylym», - 1990.-368 b.
- 5 Jūbanov E. Qazaqtyñ auızeki kōrkem tılı.- Almaty: Ğylym, 1996. -200 b.
- 6 Jūbanov E. Halyq ädebieti tılın zertteudiñ lingvostilistikalyq aspektleri. DDA.-Almaty: 1997.-43 b.
- 7 Jūbanov E.Q. Halyq ädebieti tılın oqytudyñ lingvostilistikalyq aspektteri. /oqu qūraly/. -Aqtöbe: Q. Jūbanov atyndağy Aqtöbe MU baspasy,2003. - 96 b.
8. Äbilqasymov B. Fōklor tılın tübegeili zerttegen... // Epos tılın zertteudiñ özekti мәseleleri. Kōrnekti fōklortanuşy ğalym, f.ğ.d., prof.E.Q.Jūbanovtyñ tuğanyna 80 jyl toluyna arnalған halyqaralyq dōñgelek üstel materialdary. -Almaty: «KIE» lingvoeltanu innovasiyalıyq ortalyğy, 2011.-14-16 b.
- 9 Orazbaeva F.Ş. Jūbanov tağylymynyñ ülağaty // «Jūbanov tağylymy-LX» дәstürli halyqaralyq ğylymi konferensia materialdary jinağy (30.11.2017 j). -Aqtöbe: Q.Jūbanov atyndağy Aqtöbe ÖMU, 2017. -5-9 b.
- 10 Jūbanov A.Q. Qoldanbaly lingvistika: Qazaq tılıniñ statistikasy. Oqu qūraly. - Almaty: «Qazaq universiteti», 2007. -210 b.
- 11 Saduaqas N. A. Profesör Q.Jūbanov ült tili men jazuy turaly// Abai atyndağy Qazaq ülttyq pedagogikalıyq universitetiniñ 90 jlydyğyna orai «Alaş zialylarynyñ ğylymi-ädistemelik mūralary: дәstür men jañasylıdyq» atty halyqaralyq ğylymi-praktikalıyq konferensia jinağy.- Almaty: Abai atyndağy QazŪPU, «Ūlağat» baspasy, 2018.- 84-88b